

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӨНІНДЕ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕ ОҚЫТУ КОНТРАКТЫСЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРДЫ МАҚҰЛДАУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
25 наурыз 1994 ж. N 301. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы
27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Республика министрліктерінің, ведомстволарының, концерндерінің, ассоциацияларының, кәсіпорындарының (бірлестіктерінің) және басқа экономикалық құрылымдарының нарықтық экономика жөнінде мамандар даярлау ісіндегі қызметін үйлестіру, сондай-ақ даярланған кадрлардың әлеуетін халық шаруашылығында пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Нарықтық экономика жөнінде мамандар даярлау мен қайта даярлау тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.
2. Осыған қосылған Шетелде оқыту контракттысын жасасу тәртібі туралы ұсыныстар мен Шетелде оқыту контракттысын жасасудың нысаны мақұлдансын.
3. Мемлекетаралық келісімдер мен шетелдік техникалық көмек шеңберінде мемлекет атынан шетелде оқыту үшін мыналарға:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне - мемлекеттік қызметшілерді, кәсіпорындардың, үйымдар мен мекемелердің басшылары мен мамандарын оқытуға ;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - ғылыми-педагогикалық кадрларды оқытуға контрактылар жасасу құқығы берілсін.

4. Шет елдерде даярлау мен қайта даярлау үшін іріктеліп алынған кандидатуралар жөніндегі материалдар оқыту контракттысы жасалар алдында Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Басшысымен келісілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 25 наурыздағы

N 301 қаулысымен

Бекітілген

**Нарықтық экономика жөнінде даярлау мен қайта
даярлау тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

Бұл ереже Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы", "Жоғары білім беру туралы" заңдарына әрі Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне негізделген және мамандарды оқыту үшін іріктең алу мен оларды мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында пайдаланудың тәртібін белгілейді.

I. Жалпы қағидалар

1. Республикада және одан тысқары жерлерде нарықтық экономика жөнінде мамандар даярлау мен қайта даярлау мамандардың нарықтық шаруашылықты жүргізуіндегі теориясы мен практикасын зерделеуі, республикада экономикалық реформаларды іске асыру үшін қажетті халықаралық стандарттар деңгейінде білімдер алуды мақсатында жүзеге асырылады.

2. Даярлау мен қайта даярлауга мамандардың мына санаттары:

- экономика мамандықтары бойынша кадрлар даярлаумен айналысатын оқу орындарының оқытушылары;

- мемлекеттік қызметшілер;

- кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары әрі мамандары жагады.

3. Мамандарды даярлау мен қайта даярлау ісін білім беру мекемелері, ұйымдар, кәсіпорындар, ғылыми және оқу орталықтары ұйымдастырады. Ол мемлекет қаражаты есебінен де, сондай-ақ шартты негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ғылыми-педагог қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ісі Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Нарық жағдайында жұмыс істейтін мамандарды, басқару қызметкерлерін, кәсіпкерлерді даярлау мен оқыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялардың және басқа да экономикалық құрылымдардың қызметін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі үйлестіреді.

6. Республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражат, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қаражаты және азаматтардың жеке қаражаты, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың, шетел мемлекеттерінің, шетелдердегі оқу мекемелері мен фирмаларының көрсеткен техникалық жәрдемі нарықтық экономика жөнінде мамандар даярлау мен қайта даярлауға

жұмсалатын қаржы көздері бола алады.

7. Нарықтық экономика жөнінде кадрлар даярлау мен қайта даярлау ісі республиканың өз ішінде мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу мекемелерінде, соның ішінде шетелдік оқытушылар мен мамандар тарту арқылы, сондай-ақ республикадан тысқары жерлердегі шетелдік оқу орындарында жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Оқу мерзімі оқу мекемелеріндегі оқу нысаны мен оқу бағдарламаларына қарай белгіленеді.

II. Даярлау мен қайта даярлау үшін мамандарды ірікте алудың тәртібі

1. Оқу орындары республика ішінде мамандар даярлау мен қайта даярлауды қолданылып жүрген қабылдау ережелері әрі кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен тікелей шарттар жасау негізінде дербес жүзеге асырады.

Шетелдерде мамандар даярлау мен қайта даярлау үшін оқу орындары өз тарапынан шетелдік және халықаралық мекемелермен және ұйымдармен тікелей байланыс орнатып, олармен жоғары білім мен ғылыми қызмет, қайта даярлау мен біліктілікті арттыру саласындағы ынтымақтастық туралы шарттар жасай алады, шетел мемлекеттерінің, оқу орындары мен ғылыми мекемелеріне оқуға (соның ішінде айырбас ретінде) студенттерді, аспиранттарды, оқытушыларды жібере алады.

2. Мемлекетаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасына халықаралық ұйымдардың және шетелдік оқу мекемелері мен фирмаларының көрсететін техникалық жәрдемі шеңберінде шетелге нарықтық экономика жөніндегі мамандарды іріктеу ісін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі (мемлекеттік қызметшілерді, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларын) және Қазақстан Республикасының Білім министрлігі (ғылыми-педагогика кадрларын) жүзеге асырады.

Үш аптаға дейінгі қысқа мерзімді семинарларға оқуға жіберілетін мамандар шетелдік оқу мекемелерінің тақырыптарына, талаптары мен шарттарына қарай іріктеледі.

Мамандарды қысқа мерзімді оқуға жіберетін министрлік оқу бағдарламаларына сәйкес мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және халық шаруашылығының басқа да құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп тыңдаушылар құрамын қалыптастырады.

Шет елдерге ұзақ кезеңге (үш аптадан аса мерзімге) оқуға жіберілетін мамандарды ірікте алуды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі конкурстық негізде жүзеге асырады және мынадай ұйымдық шараларды өткізу:

шетелдік оқу мекемелерінің оқыту нысанына, оқу бағдарламаларына, талаптары мен шарттарына қарай мамандарды ірікте алудың өлшемдерін

а й қ ы н д а у ;

нарықтық экономика үшін кадрлар даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Ведомствоаралық комиссиясын құру көзделеді.

3. Шет елдерде ұзақ уақыт бойы оқытын мамандарды іріктең кезде жалпы және арнайы талаптарға негізделген өлшемдер жүйесі қолданылады.

Жалпы талаптар оқуға жіберілетін барлық мамандарға қойылады және мұның өзі оқу бағдарламасының маманның білім деңгейіне, оның кәсіби даярлығы мен мамандануына сәйкестігін анықтауға байланысты болады.

Арнайы талаптар мамандарға оқу бағдарламаларына, шетелдік оқу мекемелерінің талаптары мен шарттарына, сондай-ақ жіберуші жақтың талабына қарай қойылады. Бұлар маманның жас мөлшерінің шектеулілігін, жұмыс стажын, сабак жүргізілетін тілді білуін және басқа талаптарды ескеруге байланысты.

4. Нарықтық экономикаға арналған кадрлар даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Ведомствоаралық комиссиясы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімімен Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті аппаратының, министрліктердің, ведомстволардың, экономикалық ғылыми-зерттеу институттарының, нарықтық экономика жөнінде мамандар даярлаумен және қайта даярлаумен шұғылданатын жетекші оқу орындарының және кәсіпкерлік құрылымдардың өкілдерінен құрылады. Комиссияның құрамына сондай-ақ шетелдік мамандар да енгізілуі мүмкін.

Нарықтық экономика арналған кадрлар даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Ведомствоаралық комиссиясы туралы Ережені мұдделі министрліктердің, ведомстволардың, ғылыми мекемелердің, оқу орындарының келісімімен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бекітеді.

III. Нарықтық экономика жөнінде даярланған кадрларды мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында пайдаланудың тәртібі туралы

Нарықтық экономика жөнінде даярланған кадрлардың пайдаланылуына оларды жіберген ұйым жауап береді. Шетелде оқыту контрактысының шарты бойынша ұйым маманды бұрынғы істеген қызметіне немесе жаңа мамандығына сәйкес жұмысқа орналастыруға міндettі.

Нарықтық экономика жөнінде мамандармен шетелде оқытуға контракт жасасқан министрлік оларды мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында, сондай-ақ халық шаруашылығының басқа құрылымдарында одан әрі пайдаланылуын үйлестіреді және бақылауға алады.

Шет елдерден оқып келген мамандар өздерін шетелде оқытуға контракт жасасқан органның талап етуі бойынша алған білімдерін республиканың экономикасын дамыту үшін неғұрлым ұтымды пайдаланатыны жөнінде өз қорытындыларын, пікірлері мен ұсыныстарын түсіреді.

Еңбек туралы заңдарға сәйкес біліктілігін арттырган мамандарға оларды оқуға жіберуші ұйымдар неғұрлым жоғары санат беріп, еңбекақы деңгейін көтеруге құқылы. Маман өзін оқуға жіберген ұйымда алдағы уақытта жұмыста пайдаланылуына байланысты шетелде оқу контрактысының шарттарын орындауға міндettі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 25 наурыздағы
N 301 қаулысына

N 1 Қосымша

Шетелде оқыту контрактысын жасасудың тәртібі туралы ҰСЫНЫСТАР

1. Оқыту контрактысы мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оны жүзеге асырудың басқа да шарттарын белгілейтін еңбек шартының айрықша нысаны болып табылады.

Оқыту контрактысы халықаралық келісімдер мен шетелдік техникалық көмек шеңберінде нарықтық экономика жөніндегі мамандарды даярлау мен қайта даярлау кезінде пайдаланылады.

2. Оқыту контрактысы:

мемлекет атынан оқыту контрактысын жасасуға құқық берілген органның атынан;

маманды оқытуға жіберетін мемлекеттік басқару органымен, кәсіпорнымен, ұйыммен немесе мекемемен (бұдан былай - ұйым);

оқытуға жіберілетін маманмен (бұдан былай - сынақ мерзімін өтуші) жазбаша түрде жасалады.

3. Оқыту контрактысы, егер контрактыда өзге бір мерзім көрсетілмесе, екі жақ оған қол қойған сәттен бастап заңды күшіне енеді.

4. Оқыту контрактысында:

- ұйым туралы негізгі мәліметтер (атауы, тұрған орны, меншік нысаны, басшының аты-жөні, төлем деректемелері, есеп айырысу шоты);

- оқытуды жүзеге асыратын оқу мекемесі туралы негізгі мәліметтер (атауы, тұрған орны, меншік нысаны);

- оқу курсының атауы және оқыту мерзімі;

- сынақ мерзімін өтуші туралы мәліметтер (аты-жөні, туған жылы мен айы, күні, жеке күйелігінің деректері, тұрақты тұрағы мен жұмысының орны);

- оқытатын тарап міндетіне алған негізгі шарттар (қабылдау, орналастыру, оқу процесі мен тамақтандыруды ұйымдастыру, медициналық сақтандыруды қамтамасы з ету);

- сынақ мерзімі өтушіге қойылатын негізгі талаптар;

- сынақ мерзімін өтушіге қойылатын талаптарға сай болуы және мұндай қасиеттерінің бар екендігін айғақтайдын құжаттар туралы негізгі мәліметтер болуы көрек.

5. Оқу контрактысы бойынша үйымның міндеттемелеріне мыналар:

- іс сапарының мерзімі және осы мерзімді сактау жөніндегі кепілдік;
 - сынақ мерзімін өтушіні оқытқаны үшін оқу мекемесіне ақы төлеудің тары, сондай-ақ оқуга байланысты шығындар. Оқу үшін ақы төлеудің тарында соманың өзгермейтіндігі немесе инфляция процестері есепке ып оның өзгеретіндігі міндettі түрде көрсетіледі;
 - оқу аяқталғаннан кейін сынақ мерзімін өтушінің білімі мен біліктілігі есепке ып, оны жұмысқа орналастыру жөніндегі міндettемелер;
 - сынақ мерзімін өтушіні кері шақырып алу қажеттігі туған жағдайда екет атынан оқу контрактысын жасасқан органмен және оқу мекемесімен етті түрде келісуі кіреді.

Бұған қоса оқу контрактысына үйімның өз еркімен не оқу мекемесінің талап етуімен өзінің мойнына алған басқа міндеттемелері енгізілуі мүмкін (сынақ мерзімін өтушіні материалдық жағынан қолдау, ауырған жағдайда, егер медициналық сақтандыру жасалмаса, оны емдеуге ақы төлеу).

6. Оқу контрактысын жасасуға құқық берілген органның міндеттемелеріне:

- оқу мекемесімен жасасылған оқу контрактысындағы шарттардың орындалуына атсалысуды қамтамасыз ету;
 - оқу контрактысы бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру кіреді.

7. Оқу контрактысы бойынша сынақ мерзімін өтушінің міндеттемелеріне:

- мемлекет атынан онымен оқу контракттысын жасасқан оқу мекемесінің, ұйымның және органның барлық талаптарын орындау;
 - оқу мекемесінің бағдарламасында көзделген кәсіби қызметтің барлық түрлерін игеру;

- республика экономикасын дамыту үшін алған білімін неғұрлым ұтымды пайдалану жөніндегі өзінің қорытындыларын, пікірлері мен ұсыныстарын мемлекет атынан оқу контракткесін жасасқан органға табыс ету;

- оқуға жіберуші тараптың алдында оқу барысы туралы ұдайы есеп беріп тұру
(кем дегенде жылына бір рет);

- оқу контрактысын жасасқан органды дәлелді себептер бойынша оқуды тоқтату қажеттігі туралы дер кезінде хабардар ету;

- егер оқу контрактысында ұйымның қажетсінуі мен оқу нысанына орай өзгеше жағдайлар көрсетілмесе, оқуды аяқтағаннан кейін алған мамандығы бойынша кем дегенде үш жыл жұмыс істей;

- оқуды жалғастырудан бас тартқан немесе қандай да болсын тәртіп

бұзушылығы үшін оқудан шығарылған жағдайда басқа тараптардың материалдық шығындарының орнын толтыру кіреді.

8. Тараптардың келісімі бойынша ғана оқу контрактысы мерзімінен бұрын бұзылуда немесе өзгеруі мүмкін.

Тараптардың бірінің оқу контрактысының шарттарын орындауға мүмкіндігі болмаса, ол оны бұзу туралы басқа тараптарды бір ай бұрын ескертуге тиісті.

Басқа тараптарға материалдық зиян келтіргені үшін сот кінәлі деп тапқан тарап, оқу контрактысында көзделген мөлшер мен тәртіппен оның орнын т о л т ы р а д ы .

9. Оқу контрактысының шарттары бойынша тұған даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10. Оку контрактысын жасасқан үйым және орган (егер бұл контрактысында көрсетілсе) :

- сынақ мерзімін өтушіден өз міндеттемелерін орындауды және оқу барысы туралы үдайы есеп беруді (кем дегенде жылyna бір рет) талап ете алады;

- сынақ мерзімін өтушіге оқытып жатқан тарап көрсетпеген, бірақ оқудың табысты болуын қамтамасыз ету үшін қажетті талаптар қоя алады;

- оқу контрактысының шарттарын орындау үшін өздерінің құзырына жататын шешімдерді қажет болған ретте қабылдай алады.

11. Оқу контрактысының негізінде сынақ мерзімін өтуші:

- оқу контрактысында қабылданған міндеттемелерді орындауды ұйымнан талаап етеде алады;

- оқу мекемесінің оқу контрактысындағы шарттарды орындағандығы туралы, оқу контрактысын жасасқан органды уақытылы шара қабылдауды үшін х а б а р д а р е т е д і ;

- оқу мекемесі немесе ұйым өздерінің міндеттемелерін орындаған жағдайда, дәрігерлік қорытындыға сәйкес мерзімін өтушінің әрі қарай окуы және болашақта алған мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкін болмаса, ет жақын туысқанының ауыр науқасына немесе қазасына және осыған байланысты өз отбасымен бірге тұру қажеттігі туып, шет елде әрі қарай тұруы мүмкін болмаса оқуды тоқтату туралы өтініш білдіре алады. Мұндай жағдайларда сынақ мерзімін өтуші оқуды тоқтатуға құқылы және оқығаны үшін жұмсалған шығындардың орнын толтыруға материалдық жағынан жауап бермейді.

12. Оқу контрактысы үш дана болып ресімделеді және тараптардың әрқайсысында сакталады.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 25 наурыздағы

N 301 қаулысына

N 2 Қосымша

Шетелде оқыту контрактысының нысаны

(сынақ мерзімін өтушінің аты-жөні)

Осы контрактыны мемлекет атынан жасасуға _____

(уәкілді органның атауы, тұрған орны)

атынан

(басшының қызметі, аты-жөні)

осындай құқық берілді.

(кімнің және қандай шешімімен)

(оқу мекемесінің атауы, тұрған орны, меншік нысаны)

окуы үшін

тақырып (курс) бойынша

тілінде өткізілетін _____ мерзімге

199 _____ жылдың 199 _____ жылдың _____ дейін жібереді.

(ұйымның атауы, тұрған орны, меншік нысаны, басшының

аты-жөні, төлем реквизиттері, есеп айырысу шоты)

сынақ мерзімін өтушіні _____

(аты-жөні, туған жылы, айы, күні)

төл құжаты N _____ сериясы _____, берілген

(тұрақты тұрағының орны)

(жұмыс орны)

Оқытатын тарап төмендегідей жағдайларды жасауға міндеттенеді:

Сынақ мерзімін өтушіге оқу орнының негізгі талаптары:

1. Білім деңгейі _____
2. Тіл білуі _____
3. Мамандануы _____
4. Жұмыс стажы _____

Сынақ мерзімін өтушіге оқу орнының талаптары айғақталады:

1. _____
(білім деңгейін айғақтайтын құжат)
2. _____
(тіл жөніндегі білім деңгейін айғақтайтын құжат)
3. _____
(мамандануы мен жұмыс стажын айғақтайтын
құжаттың көшірмесі)

О қ у ғ а ж і б е р у ш і т а р а п :

1. Сынақ мерзімін өтушіні 199 _____ жылдың "_____" _____
199 _____ жылдың "_____" _____ дейінгі мерзімге іссапарына жіберуге.
2. Иссапары мерзімін сақтауды кепілдендіруге _____
(к е р і ш а қ ы р ы п

алмауға немесе кері шақырып алудың мүмкіндігін қарастыруға)

3. Сынақ мерзімін өтушінің окуына байланысты оқуға және басқа да
шығындарға ақы төлеу жөніндегі төмендегідей шарттарды
орындауға: _____

4. Оқу аяқталғаннан кейін игерген білімі есепке алынып еңбекке орналастыруға _____

(ұйымның атауы, қызметі)

5. Θз ұсынысы бойынша сынақ мерзімі өтушіге мүмкіндік беруге _____
(

Сынақ мерзімін өтуші оқу мекемесі мен оқуға жіберуші тараптардың барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.

Сынақ мерзімін өтуші (егер төмендегі міндеттерді екі тарап та көрсетпеген жағдайда, онда оны контрактыдан алып тастауға құқығы бар);

оқу мекемесінің бағдарламасында көзделген кәсіби қызметтің барлық түрлерін игеруге;

республика экономикасын дамыту үшін игерген білімін барынша ұтымды пайдалану жөніндегі өзінің қорытындыларын, ұсыныстарын және кеңестерін мемлекет атынан оқу контрактысын жасасқан органға табыс етуге;

оқуға жіберуші тараптың алдында оқу барысы туралы есеп беруге (кем дегенде жылына бір рет);

оқу контрактысын жасасқан органды дәлелді себептер бойынша оқуды тоқтату қажеттігі туралы дер кезінде хабардар етуге;

оқуын аяқтағаннан кейін өзін оқуға жіберген үйимда игерген мамандығы бойынша кем дегенде _____ жыл жұмыс істеуге;

оқуды жалғастырудан бас тартқан немесе қандай да болсын тәртіп бұзушылығы үшін оқудан шығарылған жағдайда басқа тараптардың материалдық шығындарының орнын толтыруға міндеттенеді.

Тараптардың келісімі бойынша ғана оқу контрактысы мерзімінен бұрын бұзылуы немесе өзгеруі мүмкін.

Тараптардың бірінің оқу контрактысының шарттарын орындауға мүмкіндігі болмаса, ол оқу контрактысын бұзу туралы басқа тараптарды бір ай бұрын ескертуге ти істі.

Басқа тараптарға материалдық зиян келтіргені үшін сот кінәлі деп тапқан тарап, оның орнын толтырады _____

(орнын толтырудың шартын, мөлшерін және тәртібін жазу)

Осы оқу контрактысының шарттары бойынша туған даулар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Тараптар айрықша шарттар ұсынады (ұсынбайды) _____

Контракты әрбір тарап үшін бір данадан үш дана болып жасалады.

Контракт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді (егер өзге мерзім көрсетілмесе).

(контракты жасасқан мемлекеттік басқару органы,

басшысының лауазымы)

(басшының аты-жөні)

199 ____ жылғы "____"

(синақ мерзімін өтушінің

(жіберуші ұйым басшысының

аты-жөні)

лауазымы)

(аты-жөні)

"____" 199 ____ жылғы _____

"____" 199 ____ жылғы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК